

Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 847 Қаулысы

2006 жылғы 26 - 29 қаңтар кезеңінде болған дүлей апаттың зардаптарын жою үшін
Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Қырғыз Республикасына ресми
ізгілік көмек көрсету үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген
Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 50000 (елу мың) АҚШ
долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген
тәртіппен көрсетілген қаражатты: "БСК (МФО) 103002, Бішкек қаласы, Қырғызстан
АКБ Бірінші мамыр филиалы, КҰЖС 22710535, СЖН 00103200110150, Тіркелім N
СФКР 01-00326-09" арнайы банк шотына аударуды қамтамасыз етсін, алушы: "Қырғыз
Республикасы ТЖМ; Бірінші мамыр РОК-2, Е/ш 1030220801200161/202201220".

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен
бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы